



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 04 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2005 жылғы 16 ақпан
Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2006 жылғы 15 ақпанда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	8 401,4	8 348,6
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	7 362,6	7 362,6
Алтын	1 038,8	986,0
Ақша базасы, млрд. теңге	712,8	712,8
КЗТ/USD (кезең аяғында)	131,41	133,98
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	540,50	513,00

* 2005 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2006 жылғы ақпанның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері көбейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 4,2%-ға (немесе 338,8 млн. долл.) өсті. Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету, Ұлттық қордың активтерін толықтыру және Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногындағы операциясы Ұлттық Банктегі Үкіметтің шоттарына шетел валютасының түсуімен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 395,1 млн. долларға көбейді. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 5,1%-ға төмендеуі нәтижесінде 56,3 млн. долларға азайды.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 5,0%-ға, ЕАВ-мен таза активтер – 5,7%-ға өсті, алтынмен активтер бұрынғы деңгейде қалды.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 8 069,9 млн. долл.) қоса алғанда 16 476,6 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі 1,9 % болды.

2006 жылғы ақпанның бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің көбеюі ақша базасының 15,6%-ға (немесе 96,1 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.